

№4 ХАТТАМАСЫ

Ақтау қаласы

28.05.2026ж

Қатысты: директор, әдіскер, мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес мүшелері

Тақырыбы: «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің 2025-2026 оқу жылының қызметін талдау»

Мақсаты: Кеңестің бір жыл ішіндегі жұмысының қорытындысын шығару, іске асырылған іс-шаралардың тиімділігін бағалау, қызметті одан әрі жетілдіру үшін бағыттарды айқындау.

Өткізу формасы: талқылау және өзін-өзі талдау элементтері бар аналитикалық отырыс.

Күн тәртібі

1. №3 Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылындағы қызметін талдау.
3. Кеңес мүшелерінің қызметін өздік талдау.
4. Келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу және басым бағыттарды айқындау.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Б.Джуматова №3 Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес шешімдерінің толық орындалғандығы жайлы атап өтті.

Екінші мәселе бойынша М.Овезова сөз сөйлеп, 2025–2026 оқу жылында педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің атқарған жұмыстарына талдау жасады. Оқу жылы барысында өткізілген отырыстар, педагогтерге көрсетілген әдістемелік және консультативтік қолдау, әдеп қағидаларын сақтау бойынша ұйымдастырылған жұмыстар туралы баяндады. Кеңестің жұмыс жоспары толық көлемде орындалғанын атап өтті.

Сөйлегендер

Тәрбиеші Ә.Чалмахсимова кеңес жұмысының маңыздылығына тоқталып, педагогикалық ұжымда өзара сыйластық пен кәсіби мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың нәтижелі болғанын айтты.

Тәрбиеші Н.Ержанова жыл бойындағы жетістіктер мен кездескен қиындықтарға тоқталып, алдағы уақытта профилактикалық жұмыстарды күшейту жөнінде ұсыныс білдірді.

Тәрбиеші Г.Саулебаева педагогтердің әдептік мәдениетін арттыру мақсатында семинарлар мен тәжірибе алмасу шараларын жиі ұйымдастыру қажеттігін атап өтті.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес

ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. №3 Педагогикалық әдеп жөніндегі Кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025–2026 оқу жылындағы қызметі қанағаттанарлық деп танылсын.
3. Кеңестің жұмыс жоспарының орындалуы назарға алынсын.
Ұжымда педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау және кәсіби қарым-қатынас мәдениетін нығайту жұмыстары жалғастырылсын.
4. 2026–2027 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына кеңес мүшелерінің ұсыныстары енгізілсін. Кеңестің келесі оқу жылына арналған басым бағыттары бекітілсін.

Stephen D.



Педагогикалық әлеп жөніндегі Кеңестің төрайымы М.Овезова
Хатшы М.Асанова

Academy